

*М.Н. СЫДЫКОВА*

*Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясы, Астана қ.*

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ МАҢЫЗЫ**

Еліміздің саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістеріне сай білім беруді жетілдірудің негізгі бағыттарының бірі – білім беру ақпараттандыру және ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын жаңа жағдайда қолдану арқылы жеке тұлғаның танымын дамыту негізінде әлемдік білім деңгейіне қол жеткізу.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде қажеттіліктеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» - деп, ақпараттық-коммуникациялық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамыту мақсатында қолданылады[1].

Білім беру мекемелеріндегі ақпараттық орта оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудың қайнар көзі екендігін көптеген ғалымдар зерттеу нәтижелерінде және педагогикалық тәжірибелерінде зерттеген.

М.Ф.Беляев, И.М.Цветков, Г.И.Щукина, Н.Г.Морозова, Н.Д.Хмель, Б.Т.Нәбиева және т.б. ғалымдардың еңбектерінде танымдық қызығушылықтың қалыптасуы білім мазмұнына қарай қарастырылған.

Ғалымдардың ойынша, танымдық қызығушылық біртіндеп, кезеңдеп және мақсаттылықпен дамиды, сондықтан оның қалыптасу кезеңдері төмендегі реттілікпен байланыстырылады:

-танымдық қызығушылық оқушының оқуға деген жағымды қатынасынан туындайтындықтан эмоциямен тығыз байланысты;

-танымдық қызығушылық оқушының шығармашылық тапсырмаларды орындауға ұмтылуына ықпал етеді;

-қызығудың әрі қарай тереңдей түсуі барлық жаңа тапсырмалар мен сұрақтардың берілуіне байланысты болады.

Б.Т.Нәбиеваның пікірі бойынша, танымдық қызығушылық – субъект пен субъектінің өзара әрекеттесуі үдерісінде жиналатын және қоршаған болмысты танып білуге белсенді жағымды эмоционалдық бейнеленген қатынасы арқылы сипатталатын тұлғаның білімі.

Оқушылардың оқу әрекетіне қызығушылықтарын оятуда әртүрлі әдістер, құралдарды қолдану оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсенді етіп, танымдық қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Соның ішінде сызбалар, кестелер, қызықты тапсырмалар, компьютерлік ойындар, интерактивті тақталар сабақта көмекші құралдарға айналып, оқуға ынталарын арттырады. Мұғалім әрбір оқушының даму аймағын ескере отырып, өзінің әрекетіне бақылау жасауына және бағалауына бағыт беріп, қызығуына түрткі болатын құралдарды таңдауы тиіс.

Осындай құралдардың бірі – ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары. В.В.Гриншкун мынандай анықтама береді: ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары – компьютерлік техника мен желілерді қолдану негізінде ақпараттық үдерістерді жүзеге асыруға бағытталған ақпараттық (компьютер, интерактивтік тақта, принтер, проектор, телекоммуникациялық блок, компьютер құрылғыларын басқару, сыныптағы және мектептегі желі, дыбыс-бейне құралдары) және программалық құралдар (интернет, виртуалды конструкторлар, жаттақтырғыштар, компьютерлік тест программалары, электрондық басылымдар, басқарудың ақпараттық жүйелері).

Ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары оқу әрекетінің тұтастай құрылымының бір элементі, танымдық үдерістерді дамыту және нәтижені бақылау құралы ретінде қарастырылып, барлық мүмкіндіктері сараланған. Соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын оқу үрдісінде қолданудың педагогикалық мүмкіндіктеріне: - білімдік; - дамытушылық; - тәрбиелік; - дербестендіру; - ынталандыру; - бейімдеуші; - білімді меңгеруді басқару; - бағдарлаушы; - белсендіруші; - қорытындылау, ізгілендіру қызметтері алынды. Осы аталған педагогикалық мүмкіндіктер оқушының танымдық қызығушылығын қалыптастыруға ықпалын тигізеді[2].

Алайда, ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары арқылы оқыту – оқушының мақсаттары мен міндеттері, мазмұны бар ерекше әдістерді және қағидаларды қамтитын біртұтас үдеріс. Сондықтан, оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары арқылы қалыптасатын танымдық қызығушылығы – ақпаратты білуге құштарлығы және оқу мазмұнын меңгеруге бағыттылығы деп тұжырымдалды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының шешімімен «XXI ғасыр-ақпараттандыру ғасыры»деп аталды. Осыған орай жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқушылар бойынан төмендегі қабілеттерді дамыту көзделді:

1. Білім, білік, дағдыларын дамытуға қызығушылығын арттыру.
2. Жауапкершілік пен міндеттерін қалыптастыру.
3. Есеп пен талдау жасау дағдыларын үйрету.
4. Логикалық және ақпараттық ойлау қабілеттерін дамыту.
5. Өз бетінше ізденуге үйрету және компьютерлік сауаттылыққа тәрбиелеу.

6. Алған білімдерін өмірде қолдана білуге тәрбиелеу[3].

Мектептің оқу мазмұнында оқушылардың білім, білік, дағдысын, құзыреттілігін қалыптастыру көзделіп, танымдық қызығушылығын, шығармашылық ойлауын, өздігімен білім алуын, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі дамытуға бағытталуы тиіс. Сондықтан оқу мазмұнын ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары арқылы беруге жүйелілік, бірізділік, теория мен практиканың байланыстылығы, пәнаралық байланыс, жағымды мотивация және оқытуда эмоционалдық ахуал құру қағидалары ескеріледі.

Осы қағидалардың негізінде оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары арқылы берілетін ақпарат мазмұны мына көрсеткіштер бойынша анықталады:

- бұрыннан меңгерілген білімді жаңғыртуға бағытталған ақпарат;
- оқу мазмұнындағы жаңалық;
- білім мазмұнының тарихи жаңалықтарды қамтуы;
- оқу мазмұнымен байланысты қазіргі ғылым жетістіктері;
- практикалық құндылығы[4].

Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының қолданылуы төмендегідей:

1. Энциклопедиялық және монографиялық сипатта болады. Мұндай құрал оқытудың ақпараттық қызметін жүзеге асырады.

2. Мақсат-реакция жүйесіндегі оқытуға негізделген. Оқушылардың дербес жұмыс жасауына арналып, білімді алу әдісі мен негізін және оның кәсіби дағдыларымен өзара әрекетін ашып көрсетеді.

3. Проблемалық оқыту теориясына негізделеді және логикалық ойлауды дамытуда, білімді қабылдауға шығармашылықты арттыруға бағытталады.

4. Оқыту жүйесінің барлық аясын қанағаттандыратын мотивациялық үдеріс.

5. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда оқыту технологиялары мен дамытушы технологиялар маңызды орын алады. Оларға:

- когнитивті (танымдық) бағдарланған технологиялар;
- іс-әрекетке бағдарланған технологиялар;
- тұлғалық бағдарланған технологиялар жатады (Кесте 1).

Кесте – Оқушылардың танымдық қызығушылығын жүзеге асыруға бағытталған технологиялар

Технологиялар	Іс-әрекет түрлері
Когнитивті бағдарланған технологиялар	Оқытудың диалогтық әдістері, пікірсайыс-семинарлар, проблемалық оқыту, когнитивті нұсқаулар беру, когнитивті карталар, инструменталды-логикалық тренинг, рефлексиялық тренинг және т.б.
Іс-әрекетке бағдарланған технологиялар	Жоба және бағыттаушы мәтін әдістері, контекстік оқыту, ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік ойындар, кешенді (дидактикалық) тапсырмалар, технологиялық карталар, технологиялық процестерді имитациялық-ойындар арқылы модельдеу және т.б.
Тұлғалық бағдарланған технологиялар	Интерактивті және имитациялық ойындар, дамыту тренингтері, дамытушы психодиагностика және т.б.

Қорытындылай келе, оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану маңызының зор екенін байқадық.

1. Оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және қабылдау жылдамдығын ескеру арқылы жаңа материалдарды меңгеруге байланысты оқытуды ұйымдастыру және оқыту үдерісіне интерактивті құрылғылардың мүмкіндіктерін пайдалану.

2. Оқытудың жаңа әдістері мен формаларын (проблемалық, ұйымдастырушылықіс — әрекетін компьютерлік ойындар және т. б.) сабақта жиі қолдану.

3. Проблемалық зерттеу, аналитикалық және модельдеу әдістерін қолдану арқылы классикалық әдістерді жетілдіру.

4. Жаңа ақпараттық технология құралдарын (жаңа типті компьютерлер, телекоммуникация, виртуальды орта және мультимедия – технология, интерактивті құрылғылар) пайдалану арқылы оқу үдерісінің материалдық – техникалық базасын жетілдіру.

## ӘДЕБИЕТ

1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07. 2007.

2 Бидайбеков Е.Ы., Мұхамбетжанова С.Т.«Тұрақты даму үшін білім беру: Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сапалы білім берудің шарты ретінде оқу үдерісіне енгізудің әдіснамалық негіздері» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдар жинағы, 27-28 шілде, 2010ж., Алматы қ.

3 Исабаева Д.Н. Бастауыш мектептің оқыту үрдісінде ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолданудың ерекшеліктері // Ұлт тағылымы. – Алматы, 2008. №3. – Б.44-48.

4 Исабаева Д.Н. Ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары арқылы оқышылардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру мазмұны // Бастауыш мектеп. – Алматы, 2008. №12. – Б.6-8.

**ТЕОРЕТИЧЕСКАЯ ЗНАЧИМОСТЬ ИНФОРМАЦИОННО-  
КОММУНИКАЦИОННЫХ СРЕДСТВ ТЕХНОЛОГИИ В ФОРМИРОВАНИИ  
ПОЗНАВАТЕЛЬНОГО ИНТЕРЕСА ШКОЛЬНИКОВ**

**Резюме**

В связи с реформированием системы общего среднего образования в нашей стране одним из основных направлений совершенствования образования является применение информационно-коммуникационных средств информатизации.

**Sydykova Marzhan Niyazkhanovna**

**National Academy of Education of Y.Altynsarin**

**THE THEORETICAL SIGNIFICANCE OF INFORMATION AND  
COMMUNICATION TOOLS OF TECHNOLOGIES IN FORMATION COGNITIVE  
INTEREST OF SCHOOLCHILDREN**

**Summary**

In connection with the reform of the system of general secondary education in our country one of the main directions of improve education is the application of information and communication tools in informatization.